



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 7М04101- Экономика
- (ғылыми-педагогикалық бағыт)

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫ Ң МАҚСАТЫ

Микро және макроэкономика саласындағы ғылыми әзірлемелермен айналысатын кәсіпорындардың зерттеу орталықтары мен құрылымдық бөлімшелері үшін, сондай-ақ ресурстарды ұтымды пайдалануға, мемлекеттік және жергілікті басқару саласының және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің экономикалық тиімділігін арттыруға байланысты міндеттерді шешу үшін ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау.

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

Білім беру және бизнес, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және өндірістік-басқару қызметі, экономиканы мемлекеттік реттеу

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 - ғылым мен ғылыми танымның рөлін түсінеді, оның құрылымы, формалары мен әдістері, ғылым, техника мен технология жетістіктерін дамыту және пайдаланумен байланысты әлеуметтік және этикалық проблемалар туралы түсінікке ие;

ОН2 - инновациялық жобалардың бизнес-жоспарларын құрастырады, кәсіпорынды басқару және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру стратегиясының экономикалық негіздемесінің есебін жүргізеді;

ОН3 - экономикалық объектілердің қызметін талдайды, ғылыми негізделген қорытындылар жасайды және өндіріс пен басқаруды ұйымдастырудың қажетті нысандарын таңдайды, басқарушылық шешімдер қабылдайды;

ОН4 - әлеуметтік маңызы бар мәселелер мен процестерді терең талдайды және өз жұмысында әлеуметтік-гуманитарлық және іргелі ғылымдар әдістерін қолданады;

ОН5 - өндірістің нақты жағдайларына байланысты маманның әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдерінің өзгеру жағдайларына, қызмет иерархиясы бойынша алға жылжуына, басқа аймақтарға ауысуына, сондай-ақ кәсіптің өзгеруіне бейімделеді;

ОН6 - мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде кәсіби және күнделікті тақырыптарға қатынасады, этномәдени және конфессиялық айырмашылықтарды және қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін ескере отырып, көпмәдениетті ортада кәсіби қызметті ұйымдастыру тәсілдерін біледі;

ОН7 - экономистің практикалық қызметінде, байланысты салалардағы мамандармен жұмыс жасауда, басқарушылық шешімдер қабылдауда икемділік пен психологиялық дайындықты көрсетеді, сонымен қатар орындаушылардың жұмысын ұйымдастырады;

ОН8 - компанияның қаржылық жағдайына әсер ететін стратегиялық сыртқы және ішкі факторларды сыни бағалайды және жаңа идеяларды қалыптастырады;

ОН9 - процестерді, құбылыстарды, жағдайларды сипаттау және болжау үшін модельдерді құрастырады және қолданады, сонымен бірге олардың сандық талдауы мен синтезін жүзеге асырады;

ОН10 - басқарушылық шешімдер қабылдау әдістерін пайдалануға, Қазақстан Республикасында экономикалық реформаларды жүргізу мәселелеріне, елдің экономикалық даму бағыттарына қатысты құзыретті